

ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ – «ДОСАН БАТЫР»

ЖЕТКІЗГЕНОВА Ә.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ халқының басынан өткен небір елеулі оқиғалар тек ғашықтық жырлар мен батырлар жырын туғызып қана қоймай, көптеген ел тарихының естелігі болар тарихи жырларды да өмірге әкелді. Мұндай туындылар әсіресе, тарихи үлкен өлшеммен қарағанда бергі кезеңдердегі, яки, XVIII–XIX ғасырларда өмір кешкен қаһармандардың ел мүддесіне өміріне сарп еткен ерлігіне арналды.

Тарихи жырлар – адамзат қоғамы дамуындағы белгілі бір кезеңнің әлеуметтік, саяси оқиғасының әдеби көрінісі. Тарихи жырлар турасындағы зерттеу еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып әдебиет зерттеушілері тарихи жырларда белгілі мөлшерде тарихи шындықтың ізі сақталатындығын жоққа шығармайды деуге болады. Сонымен, тарихи жырлар эпостық жырлардың өзге түрлеріне қарағанда жазба поэзияға жақынырақ. Тарихи жырдың негізі – тарихи оқиға. Тарихи жырларда сөз болатын өзекті мәселе – өмірде нақтылы болған әлеуметтік, саяси оқиғалар. Қазақтың ауызша үрдістегі әдебиетіндегі тарихи жырлардың көпшілігін алсақ, ел өміріндегі болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оған ХУІІІ ғасырда жасалған Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, Өтеген, Сырым турасындағы жырлар дәлел.

1870-73 жылдардағы Маңғыстауда болған отаршылыққа қарсы халық көтерілісін сипаттайтын тарихи жырдың бірі – «Досан батыр».

«Маңғыстау» энциклопедиясында да Қазақ халқының тарихындағы Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулердің қатарына жататын Иса мен Досан бастаған Маңғыстау шаруаларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы күресі көтерілісі екендігі ашып көрсетілген. Жырда көне эпикалық жырларға тән суреттеу үлгілері, қалыпты формаға негізделген халық ауыз әдебиетінің белгілері едәуір кең көлемде кездесіп отырады. Ақын туындыларында ежелгі жырауларда кездесетін қаһармандық от шашқан ұшқыны бар. Ғалым Ж.Ысмағұловтың «Ол заманның жырауы – қол бастаған батырдың қасындағы рухтандырушы «саяси комиссар» ғана емес, сол қалың жасақтың алдында жүретін қас батырдың кейде өзі, кейде серігі» дейтін анықтамасы осындай шығармашылық өкілдеріне берілгендігі даусыз [1].

Академик С.Қирабаев қазақ халқының ел бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресінде сандаған ақылгөй даналар мен ержүрек батырлар

қазақ қоғамы дамуының барлық кезеңінде де көп шыққандығына мысал келтіре отырып, Досан батыр бастаған көтерілісті де атап өтеді [2].

Е.Исмайловтың: «Тарихи оқиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым оның ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі» [3, 172-б.] деген пікірінің «Досан батыр» жырына қатысты біраз тұстарын аңғарамыз.

Бұған қоса, тек шығарма мазмұны ғана емес, Досан батыр бейнесінің берілуінде де соншалықты ертегілік сипат байқалмайды. Демек, А.Шәріптің: «...жыраулық поэзиядағы батыр – эпостағыдай «отқа салса – жанбайтын, суға салса батпайтын», «атса – мылтықтың оғы өтпейтін, шапса – қылыштың жүзі кеспейтін» кейіпкер емес, кәдуілгі жұмыр басты, екі аяқты, кеудесінде шыбын жаны бар пенде» [4, 89-б.] деген пікірінің осы орайда айтылғаны анық. Сонымен, «Досан батыр» дастанында өмірде орын алған оқиғалар желісі онша көп өзгеріссіз сипатталғанын көреміз. Осы жырдың тарихилығына аз-кем тоқталып өткен А.Бүркітбаева да ақынның батыр бейнесін сомдауда сараңдық танытқандығын айтады [5].

Тарихи зерттеу еңбектерде Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулерге жататын Иса-Досан бастаған Маңғыстау шаруаларының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілісінің жалпы сипаты тарихи деректер мен құжаттарға сүйене отырып баяндалады

Архив материалдарын ұзақ уақыт зерттей жүріп, аталмыш көтеріліс туралы алғашқы толымды еңбек берген көрнекті ғалым М.Тұрсынованың көтерілісшілер, оның басшылары туралы: «Главная особенность восстания состоит в том, что в нем активное участие принимали широкие слои трудящихся – бедняки, джатаки-рыбаки, батраки, работавшие в хозяйствах российских предпринимателей. Этим можно объяснить ярко выраженную относительную наступательность, большую организованность движения что отличает восстание от многих выступлений в Казахстане в XVIII-XIX вв. Одним из подлинных организаторов восстания и его главой был пастух Досан Тажиев признанный народом батыром» [6, 100-б.] деп жазған болатын. Сондай-ақ, қолға түскен Досан мен оның жолдастарына мемлекетке аса қауіпті қылмыскер ретінде қатаң режиммен қарап, оларды жеке, салқын әрі сызды қараңғы камераларда аш-жалаңаш, төсенішсіз ұстағандығы М.Тұрсынованың, Ә.Спановтың, С.Әділхановтың еңбектерінде нақты тарихи дерек көздерімен дәлелді жазылған еді.

Сәттіғұл өз аузымен айтатын естеліктерінде дастанды әр жерде қысқаша толғап жүріп, 1939 жылы дастан дәрежесіне жеткіздім делінеді. Сәттіғұл бұл кезде 63 жаста болған. Ал, Мәтжан би 1841 жылы туып, 1929 жылы дүниеден өткен. Сонымен Сәттіғұл мен Мәтжан бидің арасындағы жас айырмасы 35 жыл болып шығады. Ал, мақаладағы «ақын бала атана бастаған бозбала Сәттіғұл» әрі дегенде 17-19 жастар шамасы болар. Демек

бұл дастанның негізі ХІХ ғасырлардың аяқ жағында-ақ, яғни, 1892\95 жылдар шамасында-ақ Иса-Досан бастаған халық көтерілісі оқиғасына қатысты туындының ақын аузымен жырға айналып айтыла бастағанын аңғартады.

Ақынның әкесі Досан батырмен өте жақсы таныс болғандығы, оны қатты құрметтеп, қадірлеп, аузынан тастамай отырғандығы :

«Тәжіұлы Досан батыр мен Тіленбайұлы Иса, Шабайұлы Сүгірлер 1870-1873 жылдары патшаға қарсы халық қозғалысын бастаушы қаһармандар еді. Досан ереуілі менің туып-өскен жерім Маңғыстауда болды. Оқиға мен тумастан үш-ақ жыл бұрын болған. Досан батыр өлгеннен кейін батырдың сүйегін Досан ереуіліне қатысқан әкем Жанғабыл жерлесті. Зират Маңғыстауда Қаратөбе дейтін жерде. Досан туралы әкем талай айтқан. Ол көтеріліс жайын жақсы білемін»[7],- деген сөздері нақты дәлелді айғақтап алдымызға тартады.

Белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Б.Шалабаев 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» І томында Сәттіғұлдың «Досан батыр» дастанының қысқаша мазмұнын баяндап өтіп, жырға арқау болған тарихи оқиға себебін, қақтығыстар болып өткен территорияларды нақты фактілермен ұштастыра дәлелдеп, жекелеген басты кейіпкерлерін де өмірдегі прототиптерімен салыстыра мінездеме бере саралай отырып, бірақ ғалымның қандай мәліметке сүйенгені белгісіз: «Осы көтерілісті сипаттайтын тарихи жырдың бірі – «Досан батыр». Бұл жырды 1939 жылы ел аузынан жазып алған Маңғыстауда тұратын халық ақыны Жанғабылов Сәттіғұл» деп жыр авторы туралы қате дерек беріп алған [8]

Дей тұрғанмен, осы еңбегіндегі: «...Бұл қасиет Досанды көпшілікке аса сүйкімді адам еткенге ұқсайды. Сондықтан да халық Досанға ескерткіш ретінде осы дастанды шығарды» деген жолдар да ғалымның қолында нақты сол сәтінде жырдың шынайы авторы Сәттіғұл Жанғабылов екендігін растайтын нақты дерек болмағандығын айқындай түседі.

Оның шығармашылық жолымен таныс болғандардың барлығына да Ресей отаршылдарына қарсы азаттық күресте қол бастап, жау қайтарған халық батырының ерлік өмірі мен өкінішті өлімін жыр етіп, «Досан батыр» атты көлемді дастан шығарып, қалың елге таратқан Сәттіғұлдың тегін өнер иесі емес екендігі белгілі.

Сонымен, ғалымдар, зерттеушілердің дәлелді пікірлері осы тарихи оқиға кезеңінде азаттықты арман еткен айтулы ерлерді ел үшін бес қаруын сайланып атқа қондырған ерліктерімен қоса жекелеген нақты фактілер Сәттіғұлдың жанынан шығарып жырлауымен «Досан батыр» атты тарихи жыр болып жеткендігіне көзімізді жеткізеді. Жыр жолдарындағы мысалға алына жырланған батырлар есімдерін қоспағанда жырда 8 ғана кейіпкер есімдері аталады. Шындығында, бұлар өмірде болған адамдар ма, олар туралы тарихта қандай деректер бар, олардың көтеріліс оқиғасында дәл жырдағыдай үлес, салмағы немесе орны болды ма? Осы турасында нақты тарихи деректерге жүгінсек:

1997 жылы «Атамұра» баспасынан жарыққа шыққан «Маңғыстау» энциклопедиясында бұл кейіпкерлердің қай-қайсы туралы да мәліметтер берілген.

Досан Тәжиев – (1835жылы Маңғыстауда Бозашы түбегіндегі Жиделі деген жерде дүниеге келіп, 11.02.1876ж Александровск (қазіргі Форт-Шевченко) бекінісінде қайтыс болған. Ол – халық батыры, патша үкіметінің қатаң режиміне қарсы бас көтерген шаруалар көтерілісінің белді басшысы.

Иса Тіленбайұлы – «...қара халықтың мүддесін қорғаймын деп хан сардарымен айтысқанда, оны жерге қаратып жеңгенде, ол 17 жаста екен. Сондай-ақ, 1862 жылы түрікмен мен қазақ арасындағы бітімгершілік келісімде түрікмендер жағынан топқа түскен Мәмбетсапа биді тапқыр шешімімен тоқтатқанда, 22 жасар Исаға Маңғыстау халқы риза болған деседі. Тумысынан турашыл, әділдікті жақтаған іс-әрекеттерімен абырой-бедел иеленген Иса Тіленбайұлының тек адайлардың ғана емес, орал қазақтары мен Хиуа түрікмендерінің арасында да ықпалы зор адам болғанын растайтын құжаттар сақталған» [9, 13-б.].

Иса мен Досанның өз тұстарында ел аузына іліккен айтулы да айбынды азаматтық қасиеттер иесі болғандығы жасы ұлғайып ауырып жатқан Сүйінқараның өкінішінде осы екі асыл азаматтың біріншісінің билігін, екіншісінің ерлігін көре алмай өмірден өтетін арманымен көрінеді.

Маңғыстау өлкесінің шежіре білгірлері, беделді ақсақалдары Т.Көшеков пен С.Нұржановтың «Маңғыстау» газетінің 18\07\1993 жылғы санында «Иса Тілембайұлы кім?» атты мақаласында жырда Иса бейнесінің солқылдақ көріну себебін: «...тегеуіріні бөлек тұлпар ақын Сәттіғұл атамыздың 1939 жылы жазылған «Иса-Досан» дастанын сол кездегі аудандық партия комитеті қарап, қырық жыл болыстық қызмет атқарған Исаны дәріптеп, қаһарман тұлға етіп көрсетудің социалистік реализм әдісіне мүлдем қайшы келетіндігін ескерткен. Сүйтіп, өмір шындығын қапысыз жеткізген құнарлы шығарма ажарынан айырылып, жұқарған, жүдеген күйінде 1940 жылы оқырмандар талғамына ұсынылған. Ең өкініштісі – саясаттың қиянатынан қатты зардап шеккен жырдан басты кейіпкердің бірі Иса аты алынып тасталды» – деп түсіндіре келіп, Иса туралы нақты, қазіргі күн талабымен шынайы көзқарас көрінісін беретін деректі ұсынады.

Нақ осы деректер Қ.Сыдықовтың «Халық жыршысы» атты ақын шығармалары топтастырылып берілген «Аманат» кітабына жазған алғысөзінде, Қазақ ССР тарихында, Қазақ әдебиеті тарихының «Досан батыр» жырына жасалған ғылыми талдауда, жергілікті баспасөз беттеріне жарияланған Қ.Сыдықов, М.Бимағанбетовтердің мақаларында көрініс тапқан.

Қ.Сыдықов еңбегінде Орақ батыр туралы: «Орақ Маңғыстау қазақтарының патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы 1870-1873 жылдардағы көтерілісіне қатысады. Досан батырдың сенімді адамдарының бірі болған. Көтерілістен кейін патша әкімдері түрмеге қамап, одан қашып құтылып, түрікмен жеріне кетеді. 87-88 жастарға келіп қартайып дүние

салады. Бейіті Түрікменстандағы Шикабир (Шейх-Кубра) зиратында» [10, 20-б.] деген дерек келтірілген.

Қалнияз жырларын жинаушы ақын Қалбаев Өмірзақ «Маңғыстау, Үстірт елінде сауыт киген батырлардың соңы Досан болса, садақ тартқан жауынгер ақындардың соңы Қалнияз деседі. Ол қоржынының бір басына сұқпалы домбырасын, бір басына садақ жебесін толтырып ала жүреді екен» [10, 53-б.] деген деректер келтірген болатын.

Осы оқиғаның қазақ тарихындағы орнын, оның Сәттіғұл Жанғабылұлы шығармашылығында берілуі жөнінде белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Ж.Тілепов: «Тарихта Досан Тәжұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған қарулы көтеріліс – шын мәнісінде тек Маңғыстау өлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас көтеруі емес, бұл сонымен қатар, бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыз ындынына қарсы қарсы тоқтарыс беруді мақсат еткен ең ірі де, ең ақырғы айқасы болатын. Өйткені, мұнан кейін Ресей патшалығының отарлық құрығына амалсыздан мойынсұнған бүкіл қазақ ұлысында бұдан әрмен қарай ел болып көтеріліп, зеңбіректі әскермен айқасардай қайрат қалмаған еді. Олай болса бір жарым ғасыр бойы жартылай тәуелсіз – бодан болып өмір кешіп келген елдің сол күйінен айырылып қалмауды мұрас біліп, тұяқ серпер ақырғы айқасының бүкіл ұлт тарихында ерекше орны болуы заңды. Оның осындай тарихи мәні мен маңызын бүгінгі күннің зерделі қауымы ғана емес, отаршылдықтың ойранды мінезін Шортанбай мен Дулат сынды замандастарымен жарыса жырлаған Мұрат Мөңкеұлы өткен ғасырда-ақ айтудай-ақ айтып кеткен-ді. Ақын Маңғыстау қазақтарының көтерілісі жеңілгеннен кейін, Қазақстанды былай қойғанда, бүкіл Орта Азияны толықтай бұғалықтауға жол ашылғанын шерлене жыр еткен болатын. Осы сезім-түйсіктің лебі Сәттіғұл Жанғабылұлы туындысында да анық байқалатын» [7, 5-б.] – деп, баса көрсеткен болатын.

Белгілі журналист С.Әділханов осы көтеріліс туралы оқиға барысын, ондағы кейіпкерлер туралы деректерді Сәттіғұл ақынның аталмыш дастанын мысалға келтіре отырып, жекелеген жолдарын дәйекті мысалдармен салыстыра дәлел етеді [7, 55-б.].

Белгілі жазушы Ә.Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы» атты кітабында да көтеріліс оқиғасының себептерін, шындығын ғылыми-зерттеу еңбектерден осы мазмұндас деректер келтірілген.

Маңғыстау тарихы, қазба байлығы, әдеби, мәдени мұралары туралы жан-жақты жинақтап жазған Шалабаев С, Өмірбаев Е, Сыдиықов Қ. сынды ғалымдардың «Маңғыстау» кітабында да шаруалар көтерілістерінің бір көрінісі – Досан батыр бастаған бұрқаныстар болғандығы көрсетілген.

Сонымен, кейбір жекелеген ортақ белгілеріне қарап отырып, «Досан батыр» жырының эпостық жыр желісімен сабақтастығын жоққа шығара алмаймыз. Сонымен бірге, «Досан батыр» жыры – белгілі мөлшерде батырлар жырымен рухтас бола алады

«Досан батыр» дастаны алғашқы кезде ел аузында аңыз, әңгіме күйінде айтыла жүріп, көлемді толғау, жырға айналған. Әрине, бұл оқиғаны бірден-бір жырға айналдырып айтушылар сол өңірдің ақын-жыршылары екендігі белгілі. Олар Иса мен Досан ерлігін арнайы тақырып етпесе де, ел тәуелсіздігі, халық қамы үшін күрескен ерлік салтты ардақтап жырлаған шығармаларында мысалға алып отырды.

Қысқасы, С.Жанғабылов бұл туындысын 1917 жылға дейін үзінді түрінде жырлай жүріп, 1939 жылы дастан деңгейіне көтерген. Осы жырдың Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы 3 түрі бар: Оның бірін 1939 жылы латын әрпімен жаздырып Сәттіғұл ақынның өзі тапсырған, екіншісін 1941 ж. Қ.Нұрғазиев деген адам тапсырады, ал, үшіншісін 1947ж. Жанжігіт Қосназаровтың айтуынан көшіріп алып И.Ұйықбаев жолдаған. Осыларды салыстыра қарап шыққанымызда соңғы екеуі Сәттіғұл ақын шығарған жырдың көшірмесі болып шықты. Сәттіғұл Жанғабыловтың 1952 ж. қайта жырлаған нұсқасы 1967 жылы баспадан шыққан «Тоқсан толғау» жинағына 400 жол көлемімен жарияланған.

Досан батыр турасындағы тағы бір жырды Қазақ ССР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының текстология қолжазба бөліміне 1957 ж. Батыс Қазақстан экспедициясы кезінде сол өңірдегі халық мұрасын жинаушы Битілеуов Нұрбаулы ақсақал тапсырған (241-папка, 3 -дәптер). Сондай-ақ, Досан батыр атына қатысты және бір дерек академияның Орталық ғылыми кітапханасы қорынан кездеседі. Бірақ бұл жыр емес, тек Досанның өмір тарихы туралы латын әрпімен түсірілген қысқаша мәлімет. Оны Маңғыстау өлкесінен Зердебай Бекарыстанов атты жинаушы Құдайберген Жалмағанбетұлының айтуынан жазып алып, жолдаған.

Сонымен, Маңғыстау аймағында болған 1870-73 жылдардағы халық көтерілісіне байланысты оқиға негізінде туған «Досан батырдың» алты (6) жыр түріндегі және бір (1) Досан Тәжиевтің өмір тарихына қатысты қысқаша мәлімет айқындалды және барлығының да соңында ақын Сәттіғұлдың қолы қойылған. Демек, бұл деректер де халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастанының өзінің төл шығармасы екендігіне көз жеткізеді.

Бөгембай, Қабанбай, Жәнібек, Елшібек, Өтеген, Сырым, Бекет, Исатай-Махамбет, Есет, Жанқожа, Сұраншы, Бекболат, Аманкелді, Әли батырлар

туралы жазылған көптеген тарихи жырларға карағанда Досан батыр туралы жыр аз зерттелген. «Досан батыр» туралы зерттеу аздаған өзгеріс, толықтырулармен «Қазақ әдебиеті тарихының» 1960 ж. 1-кітабында қайта жарияланды.

Сонымен, Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» жырына қатысты деректер Қазақстан Республикасы Ғылыми Орталық кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақталғандығы белгілі болып отыр.

Белгілі ғалым, әдебиетші Қ.Сыдиықов зерттеу еңбегінде Сәттіғұл шығармашылығына талдау жасай келіп, оның «Досан батыр» дастанына тоқталып, патшаның отаршылдық саясатына қарсы халық көтерілісінің басталу себептерін, немен тынғанын жазады

Ғалым Досан батыр туралы жырдың аталған нұсқалары салыстырылмағандығын, олардың жырлану, жиналу, сақталуы мен жариялануы сөз болмағандығын айта келіп, «Досан батыр» жыры өзінің жинақы және көркемдігімен, тарихи деректердің айқындығымен ерекшеленетін бағалы мұралардың бірі. Жалпы, жырдың бас-аяғы жинақы» [11, 32-б.] деп, жырдың нұсқаларына көбірек көңіл бөліп, олардың мән-мазмұнына, көркемдік қасиеттері мен образдар жүйесін ашуды талап етеді.

«Жыршы болмысты, батырдың өмірін суреттегенде, оны белгілі бір схемаға, қалыпқа салады, сөйтіп кейіпкер бейнесін идеалды типтік сипатқа түсіреді, оның ешбір даралық қасиетін қалдырмайды, бейнеленіп отырған қоғамның түсінігіне, тыңдаушы түсінігіне сәйкес дәріптеп, мадақтайды.

Сол дәуірдің эстетикалық нормасына сәйкес көркемдеу құралдары мен тәсілдері де жасалынып орнығады. Айтушы мен тыңдаушы баяндалып отырған оқиғалар мен батырлардың іс-әрекетін ашық және тура бағалайтындығына сай көркемдеп - бейнелеу құралдары пайда болады. Сөйтіп, қай батырды болмасын, қай сұлу қызды болмасын бейнелейтін, «универсалды» эпитеттер, теңеулер, формулалық сипаттаулар пайда болады. Егер кейіпкер батыр болса, ол «арыстандай айбатты», «жолбарыстай қайратты» болады, «сағат сайын өседі», «алты күнде жүреді», «алты жылда алып батыр болады», т.т.» [11.31]

Жырда батыр образы сомдалуына қызмет ететін ерекшелікті ашып көрсеткен ғалымның: «Тарихи жырлардағы образ жасаудағы енді бір ерекшелік, жыршы ақындар батыр образын қаһармандардың өз сөзімен жасайды» [11, 31] деген пікірі Досан батырдың Исамен қоштасу сәтіне сай келеді. Бір жағынан бұл батырдың артындағы қара орман халқына берген антын жұтпаған бір сөзді, тұрақты тұлғасын даралай жасауға да қызмет атқарып тұр.

Жолдастары отрядтың қарасын көріп, жүрексініп артқа шегінгенде, Досан батырдың намыс буып:

«Уәдем бар айтқан – деп
Мың да болса қайтпан» деп
Досан жалғыз бөлінді.

Бұған қоса батырдың ағасы Ожыр арқылы жолдайтын сәлемі:

Қолға түсіп қапыда
Арманда кетіп барамын
Құлдығынан патшаның
Қорғай алмай елімді
Маңғыстаудай кең жайлау
Туып-өскен жерімді, – ішкі толғанысы монолог

түрінде айтылады.

Жыр соңында Досан ұсталып, абақтыға түсіп, азаптың небір түрін көріп барып қайтыс болғандығын баяндай отырып:

Еліне деген ең соңғы
Сәлемін айтып осылай
Халқы үшін туған асыл ер
Қапаланып өлулі...

деп айтылатын батырдың өкініші мен арманын, орнын азалау сарыны да образ жасауды толықтыруға қызмет етіп тұр.

Досанның мақсатын жеткізу үшін өз аузымен жыр жолдарында айтылатын: «Кем болған жоқ атағым, Қарсының ұлы Тарғыннан» деуімен қоса оның батырлығы, қайсарлығы, жүректілігімен қатар тұтасқан тұлғасын танытуда жыр жолдарындағы:

Иса мен Досан ер соңы
Бұлардың еткен ісі бар, – немесе:
Патшаменен қас болып,
Қырық жігітке бас болып,
Інісі Шабай қасында
Досан шықты алдынан... – деп, батыр бейнесінің

көркемдігін арттыра түседі.

Бірақ, жырда батырлар жыры және көптеген тарихи жырлардағы секілді («Өтеген батыр», «Олжабай батыр», «Қабанбай батыр» т.б.) қаһарманның сыр келбетін, портретін беретін, дене мүшесіне ерекше ажар беру сипаты тәрізді ерекшеліктер кеңінен таратылып көрсетілмеген.

Керісінше, ақын жырда Досан батырдың жауларын айрықша сипаттамаса да, тәжірибелі, айлалы да әккі, әскери соғыс тактикасын шебер меңгерген орыс армиясының офицерлері полковник Рукин, генерал Ломакин, Аничкин

және соғысу әдісімен сауаттандырылған, соңғы техникалық қарулармен жабдықталған әскер күшіне азғана топпен тайсалмай қарсы шығуға да жүрек жұтқан батырлық керек екендігін көрсете, басты кейіпкер бейнесін даралай түседі.

Патша үкіметі тарапынан тапсырылып отырған ереже талаптарымен келіспейтін батыр қарсылығы «Қорлығына көнбен деп, Кеженей салық бермен деп» жолдарымен берілген. Елдің Иса мен Досан төңірегіне жиналуы да олардың халық алдындағы абырой-беделінің артықтығын меңзейді.

Жырда Досан батырдың қол жинап күреске шығуы, жеке басының ерліктері көтеріңкі пафоста жырланады. Батырдың қайсар мінезі мен қаһарлы әрекеттерінің көрінісі ретінде адалдық пен намысшылдық, алған бетінен, айтқан сөзінен қайтпайтын табандылық көрсетіледі. Осы арқылы қаһарманның сырт келбетін барынша ажарландыра түскен.

Сыздық сұлтан 1860 жылы Ұзынағаш маңында орыс генералы Колпаковскиймен соғысып, жеңіліс тауып, тобы тоз-тоз болып ыдырап, күйзеліске түсе бастағанда, бауырлары Ахмет пен Тайшық сұлтандар орыс жағына берілгенде, Сыздық төре жаны күйзеле тұрып: «Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап орыс жағына шықпаймын, олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын. Егер Бұхарды да алса, онда басқа да мемлекеттер бар ғой, кез-келген бір мұсылман еліне барармын. Қалайда ата-баба жолынан ауытқымаймын» [12, 23-б.] дейді.

Осыған ұқсас жайт сенімді серіктерінің көбінен айырылып, сергелдең күйге түскен кезең Досанның басынан да өтеді.

Ол жанындағы серігі Исаның ояздан кешірім алып, елге оралу туралы ұсынысынан бас тартып:

Сүйегім тұтам қалғанша,
Қауіп етпеймін дұшпаннан,
Ажалдан бұрын алар деп;
Мен айтпаймын жалынып
Патшаға енді барам деп –

деп жырланатын жыр жолдарынан келтірілген үзіндідегі екі батырдың арасындағы диалогтан ерекше рухани жақындық, батырлардың бойына қанымен келіп, жанымен кететін, алған бетінен, көздеген мақсатынан тегеуірінді жолмен бұрылмай жүру салтын ұстанған қайтпас қайсарлық қасиеттерін бойларына тұтасымен сыйдырған өр тұлғаларында айрықша байланыс пен ерен ерліктің үлгісін көреміз. Шығарма сюжетінде орын алатын белгілі бір оқиға немесе қимыл-қозғалыстар толғау түрінде ұзағынан орын алып отырады.

Жыр жолдарына көрік беріп тұрған теңеулер, әсіресе, Досанның күштілігі мен жүректілігін бұрынғы өткен ерлерге теңеп көрсету жыр бойында молынан ұшырасады. Ұрыс үстінде батырдың ашулы тұлғасы түрлі салыстырулармен берілуі – ежелгі эпостарға тән белгілердің жемісі екендігі айқын көрінеді. Ақынның жырдағы өжеттік, жүректілік, ептілік, т.б. қасиеттерін айрықша көрсетуде, ежелгі эпостарға тән көркемдік белгілерді қолданғаны анық.

Эпостық жырды жырлау кезінде ақын-жыраулар қалыптастырған екі батырдың кезекпен сөз алынуы аталған жырда да кездесіп отырады. Бұған дәлел, Иса мен Досанның екі айырылысуы, Исаның оязға бас иіп келуі, қолға түскен Досан мен жазалаушы топ бастығы Аничкин арасындағы тіл қатысулары.

Автор жырда Досан тарапынан айтылатын сөзді: «Сонда Досан сөйледі», «Тұлпарын «шуу» деп тебінді», «Бір күні келіп сөйледі, Сөйлегенде бүйдеді», «Сонда Досан айтулы» – деп қолданылатын тұрақты формулалық тіркестермен берген. Сондай-ақ, Досан батырдың айбатын суреттейтін «Қойға шапқан бөрідей», «Күйіне түскен қырандай», «Тұлпар мініп қарғыған», «Бір өзінің қайратын мың кісіге балаған» деген сияқты тіркестерді Досан бейнесін қалыптастыруда еркін қолданады. Мұндай еркіндік эпостық жырларды жырлау бұрыннан қалыпты дәстүрден ауытқымағандығын байқатады.

Сондай-ақ, әрбір ой ағымының түйіндеулерінде бір сөздің бірнеше мәрте қайталанып отырғандығын көреміз. Ақынның осы кезекті қайталау (эпифора) үлгісімен шығарма шырайын аша түсуге жұмыстанғаны байқалады.

Айшықтаудың бір түрі – дамыту, градация – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, құбылысты асыра, асқақтата түсу екендігі белгілі. Дастанда эпикалық құлашта туған градацияның үлгілері кездеседі.

Бұл ерекшеліктер Шақшақ Жәнібек, Олжабай батыр, Сырым батыр, Өтеген батырлар туралы туындылармен салыстыруда да айқын аңғарылады.

Дамытудың ғажап үлгілері жыр жолдарында молынан ұшырасады. Мұндағы ат шабысы, батырдың жанындағы серіктерімен қоса жауға шапқан соғыс қимылы, Досан батырдың ашу-ызасы – бұлардың барлығы да градацияға мысал бола алады.

«Жарағын асынып, жауға аттанған батыр туралы сөз толғағанда, оның астындағы атын ауызға алмай өту мүмкін емес. «Ат – түріктің қанаты» деген қағида есте жоқ ескі замандардан бері құлаққа құйылып келеді. Сақ-ғұн дәуірінің қорған-қорымдарынан иесімен бірге жерленген жылқы сүйектерінің табылуы халық санасындағы мұндай таным-түсініктің көнелілігін көрсетеді. Алтай түркілерінің ескі эпостарында батырдың тұлпары жал-құйрығы

қылыштанып, оның өзімен бірге жаумен майдандасып жүреді. Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Манастың Аққұласына да айрықша кие, кепиет сіңірілгені әркімге аян» [4, Б-96-97.].

Мінгендері кіл бедеу,
Жақын еткен алысты.
От орнындай тұяғы,
Ойнап басқан аяғын.
Желігіп жерді тарпыған
Ауызын ашып арандай
Қара жержі қарпыған
Құйысқандары сартылдап
Құлашын жазған аршындап
Ауыздықтарын басқылап
Аузынан көбік шашқылап,
Артынан үркіп ұмтылып
Тарттырмай басын жұлқынып
Бұлдыраған сағымдай
Екпіні күшті ағындай
Дауыл-жел соққан артынан
Жаптардан үркіп қарғыған
Бұрқыраған құйындай
Жер танабын жиырды-ай

деген жолдардан эпикалық жырлардағы жүйрік тұлпарларға тән қасиеттер байқалады. Осы тұрғыдан түрік-монғол эпостарындағы батыр мен оның тұлпары образы туралы арнайы зерттеу еңбек жазған ғалым Р.С.Липецтің мына пікіріне тоқталып өткен орынды деп білеміз: «Эпический конь – это крылья батыра, по образному определению, известному много столетий назад. Конь в эпосе или действительно крылат, или обладает способностью летать над землей, хотя крыльев у него нет, или шагат по облакам. Для него характерен бег-полет» [13, 146-б.].

Сондай-ақ, Досан батыр мен жанындағы серіктерінің астына мінген тұлпарларының шапқан шабысындағы:

Аң жүйрігі ақ киік,
Кете алмады құтылып,
Тер шыққан сайын құтырып.
Ауыздықтары қаршылдап,
Төңірекке жалтақтап,
Көрінем жерді алты аттап,
Аспандап ұшқан аққудай

Бедеулер мойнын созады.
Жарысқан құстан озады.
Аспан мен жердің арасын,
Тұман қылған тозаңы.
Тозаңынан адасып,

Қатар ұшқан құс қалды, – деп төгілетін жыр жолдарындағы салыстырулар ғалым еңбегіндегі: «Ветер бьет в лицо всадника, потрясается вся природа. Конь обгоняет куланов и птиц. Он не знает устали, он то совершает гигантские прыжки, то летит над вергинами гор, залетает на небо, прилепившись к нему звездой Чолпон. Описания бега коня по эмоциональности и экспрессии не уступают восхвалению возлюбленной в восточном эпосе» [13, 146-б.] – деген пікірімен орайласады.

Автор басты кейіпкер бейнесін жандандыра түсу мақсатын көздегендігі – гиперболизмді қолдануынан көрінеді. Оны оқиғаға қатысты пайдаланып, образды айбындандырып қолданады.

Түтеп тұрған мылтыққа
Ойламай шапты өлімді.
Араласып өтулі
Бораған оқтың ішімен
...Кіреуке сауыт кигені
Атқан оқ дарып тимеді.

Досан қимылын асыра суреттеуімен батырлардың рухын, қайрат-жігерін көрсетеді. Үшауыз жерінде Реукен отрядының көптігінен қауіптенген жолдастарының әрекеті батырға үлкен сын болады. Сонда аруақты батыр жігерін жанып, борап тұрған оққа қарсы шауып, серіктеріне күш беріп. сексен солдатты жайпап салады.

Батырлардың мұндай іс-әрекетін М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов Қобыланды ерлігіне байланыстыра отырып, төмендегіше:

«Қобыландының осыншалық ерлік жасауы, жасанған жауды жапыра қыруы – бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты болмақ» [14, 230-б.], – деп түсіндіреді.

Ақын шығармада батыр тұлғасын соғыс, қимыл, намыс үстінде айқындай түседі. Әсіресе: «Иіріліп жатқан әскердің, жарып өтіп ортасын» қаймықпастан ұрыс салған, «бес қаруын сайланған» жүректі батыр «кескір қылыш, көк найзамен» жауының есін шығара ойран салғаны жыр жолдары динамикалы, екпінді көсіледі.

Сонымен, «Досан батыр» жырының көркемдік сипаты шығарманың тұтас көркемдік табиғатын ашып тұр деуімізге болады.

Ақынның «Досан батыр» жырының өн бойынан табиғи талант, дарындылығымен қоса, туған ортаның тарихын, ел ішінің өткен –кеткенін, дәстүр мен әдет-салтын мейлінше жетік білетіні аңғарылады. Осы білімділік, осы нақтылық ақынды көздеген мақсат биігіне тура бастап, алып шығады.

«Досан батыр» дастаны Сәттіғұл шығармаларының биік шыңы, әрі тек бір шектеулі территориялық тұтастықта емес, бүкіл қазақ жұртының бірлікті елдігін, азаматтарының бір үнділігін танытатын ақынның сәтті туындысы деуге әбден болады.

Қысқасы, ақынның көтеріліс оқиғасын жетік біліп оны дастанда шынайы қалпында бейнелеп бере алғаны көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда «Досан батыр» дастанындағы кейбір мәліметтерді белгілі бір дәрежеде тарихи құжат орнына қолданып, ел тарихының естелігіндей қастерлі әдеби мұра деп бағалауға болады.

Әдебиеттер:

- 1 Ысмағұлов. Ж. Абай ақындық тағлымы. –Алматы: Ғылым, 1994.–280 б.
- 2 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. –288 б.
- 3 Ысмайлов Е. Ақындар. –Алматы: ҚМКӘБ, 1956. –340 б.
- 4 Шәріп.А Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. –336 б.
- 5 Бүркітбаева А. XVIII-XX ғасырлардағы ақындық поэзиядағы елдік пен адамгершілік мәселелері: фил.ғыл.канд. диссер. – Алматы: 2006. – 125б.
- 6 Турсунова М. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века (Вопросы социально-экономической и политической истории). – Алматы: Наука, 1977. –184 с.
- 7 Әділханұлы С. Досан батыр. –Ақтау, 1998. –122 б.
- 8 Қазақ әдебиетінің тарихы I-Т. –Алматы: ҚазМембаспа, 1948. –438 б.
- 9 Маңғыстау энциклопедиясы. –Алматы: Атамұра, 1997, –384б.
- 10 Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары./XVIII- XXғғ/ 2001. –268 б.
- 11 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы.–Алматы: Ғылым,1984.–272 б.
- 12 Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. [Аударған Ғ.Ахмедов]. –Алматы: Жалын, 1992. –48 б.
- 13 Липец.Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. –М: Наука, 1984. –264 с.
- 14 Ғабдуллин М. Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. –Алматы: Ғылым.1972. –340 б.

В статье говорится об историческом произведении казахских жырау под названием «Досан батыр», в котором описывается восстание адаев 1870 года. Образ батыра Досана был особенно любим народом, что нашло отражение в данном дастане.